

УДК 81'373

Н. М. Примашев,
Басқару институты «Мемлекеттік басқару
және мемлекеттік қызмет» кафедрасының
доценті, з.ғ.к.

ДИПЛОМАТИЯ ЖӘНЕ ТОПОНИМИЯЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Мақалада мемлекеттер атауын ресімдеу мәселелері қарастырылады. Мемлекеттер атауын дұрыс ресімдеу дипломаттардың кәсіби құзыреттілігінің көрсеткіші бола алады. Сонымен қатар, шет мемлекеттер атауын дұрыс ресімдеу мемлекеттің сыртқы саяси міндеттерінің бірі болып табылады.

Тірек сөздер: топонимия, дипломатия, мемлекеттің ресми атауы, ресімдеу.

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы оформления названий государств. Правильное оформление названий государств выступает показателем профессиональной компетентности дипломатов. Наряду с этим правильное оформление названий иностранных государств является одной из важных внешнеполитических задач государства.

Ключевые слова: топонимия, дипломатия, официальное название государства, оформление.

Abstract

The article reviews problems of registration of country names. The correct registration of country names is a sign of diplomats professional competence. Along with this, the correct registration of country names is one of the most important problems of the state foreign policy.

Key words: toponymy, diplomacy, official name of the state, registration.

Топонимия ғылымы географиялық атауларды зерттейтін ғылым. Олардың шығу тарихы мен дамуы, айтылуы мен ресімделуі ғылыми зерттеулердің объектісі болып табылады. Оның кез келген қоғамдық бірліктер мен мемлекет атауларын айқындауда алатын орны зор.

Адамзаттың аумақтық кеңістіктегі меже, бағыт қызметін атқаратын табиғи объектілер ерекше атаулар арқылы көрсетіледі / ресімделеді. Қазақ жеріндегі географиялық атаулардың саны мен сапасының деңгейі көшпенді өмірге байланысты. Топтық миграциялық басымды бағыттар мен жолдарды былай қойғанның өзінде, көшпенділерден ешбір табиғи-географиялық объект назардан тыс қалмаған. Қазақ халқы жүрген жерінде жасанды географиялық объектілерді есептемегеннің өзінде, кеңістіктік бағдар бола алатын кішігірім жыра, құм, бел, төбе, сай, жылға сияқты географиялық объектілерге дейін атау беріп отырған. Яғни географиялық объектілер мен олардың атаулары халық үшін үлкен маңызға ие. Ал өз кезегінде, қарапайым атаудың құқықтық мәртебесі мен салдары өз алдына үлкен мәселе. Тіпті олардың дұрыс жазылуы түгілі, дұрыс айтылуына да ерекше назар аударылады. Сондықтан, әсіресе, халықаралық қатынастарда мемлекет және оның құрылым бірліктері мен табиғи-географиялық объектілері атауларын дұрыс ресімдеуге үлкен мән беріледі.

Кез келген мемлекет халықаралық қатынастарға дипломатиялық қызмет арқылы қатысады. Сондықтан дипломаттардың құзыреттілік әлеуетіне жоғары талаптардың қойылатыны табиғи заңдылық. Болашақ дипломаттарды дайындауда қолданылатын пәндік материалдар мен оқулықтардың, заңнама мен ресми құжаттардың және т.с.с. құралдардың алатын орны ерекше. Дипломаттың саяси-географиялық әлеуетін қалыптастыру үшін түрлі анықтамалық материалдар да кеңінен қолданылады.

Мақала объектісі ретінде мемлекеттер атауы алынды. Қолданыстағы заңнамада, ресми құжаттарда, бұқаралық ақпарат құралдары мен білім-ғылым саласы материалдарында мемлекеттер атауы көптеп қолданылады. Олардың бәрі сапалы әрі қойылатын талаптарға сай деп айтуға болмайды. Мысалы, күнделікті өмірде немесе қызметте аса көңіл беріле бермейтін бұл атауларды ресімдеуде біраз мәселелер бар екен.

Сыртқы істермен айналысатын мемлекеттік қызметшілер үшін халықаралық қатынастар субъектілерінің – мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың, ұлтаралық корпорациялардың және т.с.с. ұйымдардың қазақ тіліндегі ресми атауларын дұрыс пайдалану қызметтік міндет болып саналады. Ресми атауды сақтауды – заңдылық қағидатын сақтау деп түсінуге болады.

Ал, Қазақстан Республикасының тәжірибесі басқа жағдайды көрсетеді. Өкінішке орай, сыртқы істер саласында қолданылатын кез келген құжатта мақала объектісіне қатысы бар кемшілікті материал кездеседі.

Жоғарыда көрсетілген сырты істер субъектілерінің ішінде халықаралық бұқаралық құқықтың негізгі субъектісі – мемлекеттердің ресми атаулары ұлттық заңнамада көрсетілген. Ол, әрине заңдылық, бірақ мәселе олардың дұрыс ресімделуінде. Мақалаға қажетті деректер қолданыстағы кейбір нормативтік құқықтық актілер мен анықтамалық сөздіктерден алынды. Оларға қоса, ұсынымдық сипаттағы құжаттар мен ғылыми-құқықтық әдебиет және бар. Бірақ осыған қарамастан, Қазақстан Республикасында шет мемлекет (ұлттық заңнамада кездесетін «шетелдік мемлекет» деген ұғым да мәселелі) атауларын ресімдеуде бірізділік жоқ. Бір деңгейлі, бір санатты, бір нысанды, бір тілдік мемлекеттер түгілі, белгілі бір ғана мемлекеттің атауын қазақ тілінде (кейбір нормативтік құқықтық актілерде орыс тілінде де) ресімдеуде көпнұсқалылық орын алып келеді. Осындай жайттарды ескеруге тиіс Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ұсыным-талаптарына қарамастан, ведомстволық нормативтік құқықтық актілерде мемлекеттердің ресми атауларын өздігінше бұрмалау фактілері көптеп кездеседі.

Ұлттық заңнамада мемлекеттер атауын ресімдеуде кеткен қателердің саяси-құқықтық салдары болары анық. Кезінде жіберілген қателерді түзету қажет. Оларды мемлекеттік қызметшілердің жібергені / жіберіп жатқаны белгілі. Өкінішке орай, олардың арасында мемлекеттік органдардың сыртқы қатынастарға жауапты құрылымдары қызметкерлерімен қатар, сыртқы істер саласының құзыретті органының мамандары да бар (дипломатиялық қызметтің базалық білімдері әр түрлі және деңгейдегі мамандарына саяси географиялық білім берген де артық болмас).

Қазақстан Республикасында шет мемлекеттердің ресми атауын ресімдеудегі үлкен мәселе олардың орыс тіліндегі нұсқасынан ауытқымау қажеттігінен болып отыр. Ондай атаулардың басым болуы тәжірибелік заңдылық. Барлық атауларды қазақ тіліне аудару мүмкін емес әрі ондай талап та жоқ. Мысалы, грамматикаға сәйкес, тілдік ерекшеліктерге байланысты мемлекеттер атауында, қазақ тілінде жоқ әріптер мен белгілердің тәжірибеде сақтала берері сөзсіз. Мысалы, Бельгия, Вьетнам, Мальта, Мьянма және т.с.с. атауларды жіңішкелік белгісіз жазу оларды түрлі түсінулерге алып келеді. Оларға қоса, ресімдеуі мәселелі «корольдік / корольдық», «князьдік / княздық», «герцогтік» сияқты ұғымдар да бар. Тіпті құрамында «в» әрпі бар атауларды ресімдеу – өз алдына бір мәселе.

Ұлттық тәжірибеде кейбір мемлекеттер атауын ресімдеуде үлкен бір мәселе бар. Мысалы, жинақты, көпқұрылымдықты білдіретін атауларды ресімдеу күрделі. Сондықтан олардың жекеше және көпше түрдегі нұсқалары қатар қолданылып жүр. Солардың бірі – орыс тілінде «**Нидерланды**» деп ресімделетін атау¹. Ал қазақ тілінде «ы» әрпі жоқ. Сондықтан оның «**Нидерланд Корольдігі**» [1] (мәтін бойы ерекше көрсеткен мен. – Н.П.) деген нұсқасы жекелікті ғана білдіреді, ал «**Нидерланды Корольдігі**» [2] түрінде ресімделуі қазақ тілінің грамматикасына сай емес. Ұлттық заңнаманың орыс тіліндегі мәтінінде бұл атаудың «Королевство **Нидерланды**» дегенмен қатар «Королевство **Нидерландов**» [3] деген нұсқасы да бар.

Алдыңғы абзацта көрсетілгендей жағдай «**Филиппины** Республикасы» [4] мен «**Филиппин** Республикасы» [5] деген екі-үш нұсқалы атауға да қатысты. Ұлттық заңнамада осы атаудың «**Филиппин** аралдары» [6] деген баламасы да бар². Бұл мемлекеттің атауы оның 7 мыңға жуық аралдан тұратындығына байланысты, сондықтан жекеше түрдегі нұсқасы оның табиғатына сай емес. Ал орыс тіліндегі «ы» әрпі арқылы көпше түрді білдіруге тырысу шындыққа жанаспайды.

Қазақ тіліндегі атауды дұрыс ресімдеу мәселесі осы сынды «Сент-Винсент и Гренадины» деген атауға да қатысты.

Мемлекеттердің ресми атауын қолдануда да бірізділік жоқ. Бұл мәселе бойынша «Малайзия Федерациясы / Малайзия», «Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі /

¹ Бұл атауды ағылшын тілінен аударғанда «төменгі жерлер / төмен орналасқан жерлер» деген балама шығады. Ондай ауқымды әрі күрделі аударма орнына, халықаралық қатынастарда мемлекеттердің ресми атаулары, кейде олардың транскрипттік нұсқалары да қолданылады. Мысалы, Бруней-Даруссалам, Иордан Хашимит Корольдігі, Тимор-Лешти және т.б. атаулар. Мемлекеттер атауының аударма нұсқалары да қолданылады. Мысалы, Багам аралдары Достастығы, Біріккен Араб Әмірлігі, Соломон аралдары, Танзания Біріккен Республикасы («Танзания Біріккен Республикасы» деген нұсқа да кездеседі) және т.б.

² Негізінен осы атауды толықтырып, «Филиппин аралдары Республикасы» деп атаған дұрыс сияқты.

Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландияның Біріккен Корольдігі», «Егеменді Мальталық орден / Егеменді Әскери Мальталық Орден», «Мальта Республикасы / Мальта», «Біріккен Араб Әмірліктері / Біріккен Араб Әмірлігі», «Доминика Республикасы / Доминикан Республикасы»¹, «Пәкістан / Пәкстан / Пәкістан», «Өзбекістан / Өзбекстан», «Түркіменістан / Түрікменістан / Түрікменістан / Түркменістан» және т.с.с. мысалдар келтіруге болады.

Бірқатар «Алжир Халықтық Демократиялық Республикасы», «Конго Халықтық Республикасы», «Лаос Халықтық Демократиялық Республикасы» және т.с.с. атаулардағы «халықтық» сөзі нақтылауды қажет етеді.

Заңнамада кейбір мемлекеттердің атауы түрлі нұсқада ресімделеді. Мысалы «Камбоджи» мен «Кампучия» [12], «Чехия» мен «Чех Республикасы» [13] деген атаулардың қатар қолданылуын түсіну қиын. Ал «Корей Халықтық Демократиялық Республикасы» мен «Корея Республикасы» деген атаулардағы мемлекет құраушы ұлт біреу ғана [10].

Кейбір мемлекеттер атауын ресімдеуде бірегей тәсіл қолданылмайды. Бұл мәселеге мысал ретінде «Болгар Республикасы», «Латыш Республикасы», «Эстон Республикасы», «Словак Республикасы», «Словения Республикасы», «Мажарстан Республикасы», «Финляндия Республикасы», «Македония Республикасы» сияқты атауларды келтіруге болады.

Қолданыстағы заңнамада олардан басқа қателі негіздер бойынша саралауға болатын атаулар да жеткілікті. Мысалы, белгісіз себептерден қате ресімделіп, басым түрде қолданылып жүрген «Шри-Ланка Демократиялық Республикасы» деген атау толық емес. Дұрысы – «Шри-Ланка Демократиялық Социалистік Республикасы» деген атау. Бұл нұсқа да ұлттық заңнамада кездеседі. Осы мәселе «Вьетнам Республикасы», «Венесуэла Республикасы» [10] сияқты атауларға да қатысты.

Келесі «Ислам Федеральдық Республикасы Комор аралдары» деген мемлекет атауы қазақша емес. Одан басқа «Белиз Мемлекеті», «Гренада Мемлекеті», «Сент-Люсия Мемлекеті» [8] және т.с.с. бірқатар аудармаларды құқықтық қатесі бар деуге болады, өйткені «мемлекеті» деген ресми атаулы 3–4 ғана мемлекет бар. Мысалы, Бахрейн Мемлекеті, Израиль Мемлекеті, Катар Мемлекеті.

Өкінішке орай, ұлттық заңнамада табиғатта жоқ «Батыс Қытай Халық Республикасы» деген мемлекеттік атау да кездеседі [9]. Сол сияқты «Барбадос Республикасы», «Гибралтар Республикасы» [10], «Гренада Республикасы» [11] деген атаулы мемлекеттер де жоқ. «Гренадин» деген атаудың қайдан алынғаны мүлдем белгісіз [сонда].

Қолданыстағы заңнамада жоғарыда келтірілген нұсқалардан басқа орфографиялық қателі атаулар көптеп кездеседі. Мысалы, «Кабо-Верди Республикасы», «Код-д'Ивуар Республикасы» [10], «Жаңа Папуа Гвинея», «Фарерн аралдары», «Палестин», «Канала аралдары», «Кот Д Ивуар» [11], «Камбоджи», «Тонго Корольдігі», «Папуа Жада Гвинея», «Буркино Фасо Республикасы», «Кабо-Верди Республикасы», «Сьерра Лион Республикасы» [12] сияқты қате атаулар түзетуді қажет етеді. Мұндай қателер негізінен заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерде басым, сондықтан оларды жедел түрде түзетуге мүмкіндік мол.

Ұлттық заңнаманың қазақ тіліндегі мәтінінде/нұсқасында түрлі себептермен орыс тілінен аударылмай не толық аударылмай қалып кеткен атаулар да кездеседі. Мысалы, «Тоголез Республикасы», «Сент-Винсент және Гренадины Мемлекеті», «Сейшель аралдары» [10], «Сент-Винсент» [13], «Греция», «Новая Зеландия», «Сауд Аравиясы», «Япония» [14] және т.с.с. атауларды дұрыстау қажет.

Белгісіз себептерден «ОАР» деген қысқартылған атауды Оңтүстік Африка Республикасы деп те, Орталық Африка Республикасы деп те түсінуге болады.

Сонымен қатар ұлттық заңнамада кейбір мемлекеттердің ескі атаулары да кездеседі. Мысалы, «Бирма» (бұл мемлекеттің өз атауын «Мьянма» деген атауға ауыстырғанына 30 жылдан асты), «Боливия Республикасы», «Венесуэла Республикасы», «Кампучия» сияқты атаулар бүгінгі күнгі ресми атауларға сай емес. Бір нормативтік құқықтық актіде тәуелсіз «Чехия, Словакия» деген екі мемлекетке бір кодтың берілуін де кемшілік деп түсіну қажет [14].

Непал корольдігінің парламенттік республикаға айналғанына да біраз болды. Тәжірибеде осындай фактілерді де ескеру керек.

Сыртқы қатынас саласы шет мемлекеттердегі ұлттар атауларын да қамтиды. Оларды дұрыс ресімдеу де дипломатиялық қызметтің бір міндеті болып табылады. Сондықтан ұлттық заңнамадағы «американ», «вьетнам», «голланд», «итальян», «корей», «македон», «тоголез»,

¹ Негізінен осы атауды толықтырып, «Филиппин аралдары Республикасы» деп атаған дұрыс сияқты.

«пуштун», «финн» және т.с.с. атаулар нақтылануы, дұрыс ресімделуі және қолданылуы тиіс.

Болашақ дипломаттардың саяси-географиялық немесе топонимиялық әлеуетін қалыптастыруға/көтеруге көмек көрсететін құралдардың бірі – сөздіктер болып табылады.

Осындай сөздіктердің бірінде мемлекеттерді жаңаша атаудың үлгілері берілген. Ұсынымдық сипаттағы әдебиет бола тұра, оның кейбір міндеттілік жағы да бар. Жалпы сөздікті қолдауға болады, бірақ онда сұрақ тудыратын бірқатар нұсқалар бар. Мысалы, қазақ тіліне бейімделген кейбір атаулармен келісу қиын. Осы тұрғыдан Аустралия, Аустрия, Либия сияқты атауларды қазақ тіліне жақындату дейтін болсақ, Парагвай, Уругвай, Чад, Эквадор, Экваторлық Гвинея сияқты атаулардың өзгеріссіз қалғанын түсіну қиын. Жоғарыдағы тәжірибені жалғастырып Парагвай, Уругвай, Шад, Екуадор, Екуадорлық Гуинея түрінде бекітуге/қолдануға ешкім қарсылық білдірмес, бірақ, олай ету құқықтық та, тілдік те заңдылықтарға қайшы келеді. Оған қоса, осы сөздіктегі Асунсьон, Ахвас, Гётеборг, Зуэрат, Кошице, Могилёв, Нью-Дели сияқты атауларды қазақшалауға болмас. Олай ету қажет те емес шығар.

Сөздікте жоғарыда көрсетілгендерден басқа бірқатар кемшіліктер жіберілген. Мысалы, «Қабыл», «Мазар-Шариф», «Сумгайт», «Франфуркт-на-майне», «Қарақол» деген атаулардағы қателерді ресімдеулік деп түсінуге ғана болады. Оларға қоса, «князьдігі» мен «княздігі» деген нұсқалардың берілуі – бірізділіктің жоқтығынан болар.

Оларға қоса «Тәуелсіздік жариялаған күн», «Ұлттық күні», «Ұлттық мерекесі», «Боливариан», «Гайан доллары» сияқты ұғымдар қате аударуға мысал бола алады. «Мемлекеттік тәуелсіздік күні / Государственный день независимости; Литва мемлекетін қалпына келтірген күн / День восстановления Литвы; Тәуелсіздік күні / День провозглашения независимости» сияқты ұғымдарда тілдік те, құқықтық та қателіктер бар сияқты. «Қатар», «Моңғолия» (тұғрық), «Шаңхай», «Дашоғыз» деген атаудың қазақ тіліне сіңіп кетуіне біраз уақыт керек.

Жоғарыда көрсетілгендей «князьдігі» және «княздігі» деген нұсқалар қатар берілген.

«Аргентина», «Лихтенште» деген нұсқалардағы орфографиялық қателерді кездейсоқтық деп қабылдау қажет шығар. Бірақ үлгілік материалдарда олардың қалай жіберілгенін түсіну қиын. Оларға қоса, «Август(1945)», «17 июля(1968)», «-2 июля», «20мая(1972)», «31 мая(1961)» деген деректерде/мысалдарда ресімдеу, яғни, тыныс белгілік қателер жіберілген.

Ағылшын тіліндегі ақпаратты ресімдеуде де кемшіліктер кездеседі. Оған «Oktober 1 1949», «February 16 1918», «August 15 1866» сияқты ресімдеу мысалдарын келтіруге болады. Оман Сұлтандығының үш тілдегі нұсқасында да «Тәуелсіздік күні» мейрамының күні көрсетілмеген.

Сонымен мақаланы қорытындылай келе, мемлекеттер атауын құқықтық және тілдік дұрыс ресімделген жағдайда ғана, кез келген мемлекеттік қызметші мен мемлекеттік органның, тіпті мемлекеттің де қызметіне мін тағылмайды деп тұжырымдауға болады. Олай етпейінше, шетелдік мемлекеттер тарапынан да, осы саламен айналысатын ғалымдар тарапынан да, тіл мамандары тарапынан да ресми ноталар мен сын-ескертпелердің жалғаса берері анық (бұл ретте құқықтық салдар өз алдына). Ал олар мемлекеттік органдар қызметі мен халықаралық қатынастарға тұрақтылық пен түсінушілік әкеле алмайтыны анық. Сондықтан бұл сала үшін, басқа талаптарға қоса, географиялық және топонимиялық әлеуетті мамандар дайындау не мамандардың сауаттылығын арттыру қажет. Ол үшін Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының әлеуетін пайдалануға болады. Сондықтан теория мен тәжірибені ұштастырған кезде ғана салалық сапаны жоғары деңгейге көтеруге мүмкіндік мол.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасы мен Нидерланд Корольдігі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы: Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 8 мамырдағы № 250 Заңы // «Әділет» АҚЖ (15.02.2014).

2 Қазақстан Республикасының Нидерланды Корольдігіндегі Дипломатиялық миссиясын қайта ұйымдастыру туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы желтоқсандағы № 224 Жарлығы // «Әділет» АҚЖ (15.02.2014).

3 Об утверждении Правил выдачи виз Республики Казахстан, а также продления и сокращения сроков их действия: Совместный приказ и.о. Министра иностранных дел Республики Казахстан от 5 марта 2013 года № 08-1-1-1/71 и Министра внутренних дел Республики Казахстан от 7 марта 2013 года № 175 // «Әділет» АҚЖ (15.02.2014).

4 Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Филиппины Республикасының Үкіметі арасында Туризм саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 қарашадағы № 1122 қаулысы // «Әділет» АҚЖ (15.02.2014).

5 Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Филиппин Республикасының Үкіметі арасындағы Туризм саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 мамырдағы № 571 қаулысы // «Әділет» АҚЖ (15.02.2014).

6 Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы 1998 жылғы 25 наурыздағы Несие жөніндегі келісімді (Кәдімгі операциялар) (Су қорларына иелік жасау және жерді қалпына келтіруді басқару жобасы) бекіту туралы: Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі № 263 Заңы // «Әділет» АҚЖ (15.02.2014).

7 Қазақстан Республикасының визаларын беру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2013 жылғы 5 наурыздағы № 08-1-1-1/71 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 07 наурыздағы № 175 Бірлескен бұйрығы // «Әділет» АҚЖ (15.02.2014).

8 Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 30 қыркүйектегі № 358 қаулысы // «Әділет» АҚЖ (15.02.2014).

9 Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді (Жай операциялар) (ОАӨЭЫ Дәліз 1 [Тараз қаласының айналма жолы] [Батыс Еуропа – Батыс Қытай Халық Республикасы халықаралық транзит дәлізі] Жоба) ратификациялау туралы: Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 11 ақпандағы Заңы // «Әділет» АҚЖ (15.02.2014).

10 Отандық өңделген тауарларды, қызметтерді сыртқы нарықтарға жылжыту бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларын, сыртқы нарықтарға жылжыту бойынша шығындары ішінара өтелетін отандық өңделген тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 2 тамыздағы № 1017 қаулысы // «Әділет» АҚЖ (15.02.2014).

11 Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру қағидасын және Шетелдіктің тұруға ықтиярхатын және азаматтығы жоқ адамның куәлігін ресімдеу, беру, ауыстыру, алып қою және жою жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 28 тамыздағы № 523 бұйрығы // «Әділет» АҚЖ (15.02.2014).

12 Мемлекеттік қызметшілерге республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен қызметтік шетелдік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 ақпандағы № 108 қаулысы // «Әділет» АҚЖ. (15.02.2014)

13 Әкелінетін карантинге жатқызылған өнімге қойылатын фитосанитариялық талаптарды бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1674 қаулысы // «Әділет» АҚЖ (15.02.2014).

14 Халықаралық тұрақты емес ұшуларды орындауға арналған рұқсаттарды беру ережесін және беруден бас тарту негіздерін бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2010 жылғы 13 тамыздағы № 359 бұйрығы // «Әділет» АҚЖ (15.02.2014).